

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 желтоқсан N 1573.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлердің шекті санының негізінде 73 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне Министрдің 2 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрлігі орталық аппараты үшін 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1802 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1802 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 наурыздағы N 313 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 20 желтоқсандағы
N 1573 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және
аумақтарда құрылыс салу министрлігі орталық
аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Сәулет және қала құрылысы басқармасы

Ғылыми-техникалық саясат және инвестициялар басқармасы

Тұрғын үй құрылысы басқармасы

Экономика және қаржы басқармасы

Құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормаларды жетілдіру
бөлімі

Инженерлік жүйелер және жобалау жұмыстары бөлімі

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі

Іс басқармасы